

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА

***Кафедра: Балалар жасындағы стоматология
Тақырыбы: Балалар стоматологиялық
тәжірибесіндегі ART-әдіс***

Қабылдаған: Каркимбаева.Г.А

Орындаған: Муллаташев.Ш.Н

Факультет: Стоматология

Курс:4

Топ:12-003-1

ART-технологиясы



Атравматикалық реставрация әдісі

ART- әдісі ХХ ғасырдың 80 жылдары Jo Frencken ашқан және сол жылы ДДҰ мен мақұлданған. 2004 жылы Американың балалар жасындағы стоматология ассоциациясы “атравматикалық реставрация” термині дұрыс емес деп тапты, себебі іс жүзінде тіс жегі қуысында өткір инструменнтермен жұмыс жасағанда эмальдың әжептеуір зақымдалатыны байқалды. Сол себепті бұл әдісті ART аббревиатурасын сақтай отырып “Альтернативті реставрация” деп ауыстырды.

ART - әдісінің негізгі мақсаттары

1) Тіс жегімен зақымданған тіндерді тек қол құрал-саймандарымен (өткір экскаватор, эмаль пышағы) қырғап тазалау.

2) Қуысты тіс тіндеріне адгезиясы бар пломбалық жадығаттармен қалпына келтіру.

Қазіргі таңда ART- әдісі үшін ШИЦ-тер пломбалық жадығат ретінде қолданылады.

АРТЫҚШЫЛҒЫ

- Стоматологиялық қызметтің барлық әлеуметтік топтарға қолжетімділігі.
- Тіс тіндеріне келетін зақымның аздығы.
- Заманауи қымбат құрылғылармен салыстырғанда өзіндік құны төмен әрі қол жетімді.
- Ауыру сезімін аз тудыратындықтан жансыздандырғыш заттады қажет етпеуі.
- Осы стоматологиялық құрал-саймандарды оңай тазалауға стерилизациялауға болады.
- Балалар осы ем түрін жақсы көтеруі.

Қолдануға көрсеткіш

Негізінен бұл әдіспен ем қарапайым тіс жегінің төмендегідей орналасуларында жүргізіледі.

- 1) Азу тістерінің шайнау беттеріндегі фиссураларында
- 2) Күректістердің соқыр тесіктерінде
- 3) Азу тістердің тілдік және ұрттық жүлгелерінде(борозда)
- 4) Барлық тістердің мойын бөлігінде
- 5) Күрек тістер мен азу тістердің түйісу беттерінде

Қолдануға қарсы көрсеткіш

- 1) Тіс ұлпасының және түбір ұшы аймағындығы тіндердің қабынуы
- 2) Экскаватор және т.б қол (ручной) құрал-саймандарына тіс жегі қуысына ену мүмкін болмаған жағдайда.

Осы техникалық артықшылықтарына және қарапайымдылығына байланысты бұл әдісті тек қана клиникада емес үй жағдайындада қолдануға болады. Әдісті көбінесе ақыл-есімі кем немесе стоматологиялық құрылғылары жоқ алыс аймақтардағы елді мекендермен, мектептерде істеген жөн. Жағымсыз әсерінің аз болуына байланысты бұл әдісті стомафобиясы бар науқастармен баларға қолданған тиімді.

ART-әдісі бойынша емдеу кезінде керекті құралдар.


- 1) Айна
- 2) Зонд
- 3) Пинцет
- 4) Экскаватор
- 5) Тіс балтасы (зубной тапор)
- 6) Тегістегіш



ART- технологиясы бойынша егеп-тазалау ережесі



Алдымен эксковатор көмегімен жұмсарған дентинді қырнап алып тастайды, кейіннен тіс балтасы көмегімен эмальдың өткір қырларын(нависающие края) бұзып артынан кіші экскаватормен эмальдентин шекарасын өңдейді.



- * Қуысты қырнап тазалап, жуып, кептіріп болған соң ШИЦ-ті араластырып дайындай беруге болады. Ауа көпіршігі қалмас үшін материалды қуысқа кіші порциялармен салады. Материалды салып болғаннан кейін оны тегістегіш көмегімен нығыздаймыз, тістің анатомиялық пішіміне жуықтап келтіреміз, артығын алып тастаймыз. 1-2 минуттан соң окклюзияны тексереміз. Пломбаның биік жерлерін гладилканың өткір ұшымен тегістейміз. Емнен кейін науқасқа 1 сағат көлемінде тағам қабылдауға болмайды.

ART-әдісінде қолданылатын материалдар

ART-әдісінде тістерді пломбалау үшін қолданылатын материалдар- Шыны Иономерлі Цементтер.

-Бұл шыны мен қышқылдық компоненттен тұратын материал.



Құрамы

компоненттері	+	-
Кремний диоксиді- 29%	Шынының жоғары мөлдірлілігі	Қатаю ұзақтығын арттырады, мықтылығын аздап төмендетеді
Алюминий оксиді- 16,6%	Қышқылға тұрақтылығын арттырады, қатаю жылдамдығын төмендетеді.	Материалдың мөлдірлілігін төмендетеді
Кальций фториді- 34,3%	Тісжегіге тұрақтылығын қамтамасыз етеді.	Материалдың мөлдірлілігін төмендетед
Алюминий фосфаты- 9,8%	Мықтылық, механикалық тұрақтылық береді	Материалдың мөлдірлілігін төмендетед

ШИЦ- дің шығару формасы:

ШИЦ- дің шығару формасы:

- **Сулы жүйе** (су мен жартылай қышқылы бар) ұнтақталған фторалюмосиликатты ұнтақ және карбон қышқылының 5% жүзім қышқылымен қосылған кополимер сұйықтығы.
- **Сусыз жүйе** (сусыз жартықышқыл) - сұйықпен қатаятын цемент түрі. Төменгі температурада кептірілген жартықышқыл және шыны ұнтаққа қосылған жүзімқышқылы.

Шыныиономерлік цементтердің негізгі қасиеттері

- * Қышқылдық протравкасыз дентинге, кіреукеге, цементке химиялық адгезиясы
- * Көптеген материалдарға химиялық адгезиясы
- * Фтортәуелді тісжегіге тұрақты эффект
- * ШИЦ антибактериальді қасиеті
- * Жақсы биосәйкестік, улы еместігі.
- * Қысылуға тұрақтылығы
- * Эластикалылығы төмен
- * Қажалуға тұрақтылығы



АРТЫҚШЫЛЫҒЫ:

- Фторды белсенді бөлуі;
- Жоғарғы компресстік қуаттылық;
- Патологиялық өзгерген дентинмен мықты химиялық байланыс;
- Әртүрлі функционалды топтағы тістерді қалпына келтіру;
- 9 түрлі түс;

Кемшіліктері:

Басқа цементтер сияқты желініп сынуға бейім сондықтан да шыныиономерлік цементтің орташа қызмет атқару уақыты 5 жыл яғни сүт тістердің орташа қызмет ету уақытына сәйкес . Пломбаның түрлі түстілігінің жеткіліксіз екенінде айта кеткен жөн .

ШИЦ –дің топтары :

□ **I топ** – бекітуші (лютингті) цементтер;

□ **II топ** – қалпына келтіруші
(реставрациялық) цементтер:

1 топша – эстетикалық
реставрация үшін;

2 топша – күш түсірілген
реставрация үшін;

□ **III топ** - төсемдік (лайнтинті)
цементтер.

ШИЦ –дің топтары :

II топ ШИЦ өндірушілері

1 топша – эстетикалық реставрация үшін

* Ketac-Fil (фирма 3M-Espe);

* Ionofil (фирма Voco);

* Fugii-II (фирма GC).

2 топша - күш түскен реставрация үшін

* Ketac-Molar (фирма 3M);

* Kavitan (фирма Spofa Dental);

* Fugii – IX (фирма GC).

III топ ШИЦ өндірушілері

Лайнингті ШИЦ амальгамалық және композиттік материалдар астына төсем ретінде қолданылады.

- * Aqua Ionobond (фирма Voco);
- * Ionobond (фирма Voco);
- * Base Line (фирма Dentsply).



Шыныиономерлік цементтің

стоматологияда

қолданылуы

Шыныиономерлі цемент (ШИЦ) стоматологияда кеңінен қолданылатын адгезивті материалдар қатарына жатады. Шыныиономерлік цементті стоматологияда тіс қуысын толтыруға немесе қойыртпақпен зақымдалған аймақты жабуға арналған уақытша пломбылық материал. Бірақ бұл уақытша пломбылық материалды шайнау кезіндегі көп күш түсетін аймаққа қолданады. ***Балалар стоматологиясында*** бұл цементтік материалдармен емдеудегі мақсат олардың тістеріне барынша ұқыптылықпен (тұрақты тістер үшін) қарап және де олардың тіс дәрігеріне қорықпай келуіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда ART- әдісі тіс қуысын экскаватор сияқты өткір құралдармен бор машинасы егеп тазалап ШИЦ-пен тіс қуысын қалпына келтіру болып саналады. Бұл әдістің қарапайымдылығы оны алыс жатқан елді мекендерде, мектептерде стоматологиялық құрылғылардың көмегінсіз ем жүргізуге мүмкіндік береді. Жағымсыз әсерінің аз болуына байланысты бұл әдісті стомафобиясы бар науқастармен баларға қолданған тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

В.К Леонтьева Детская терапевтическая
стоматология 2010.

Д.М Мезгілбаева Терапиялық
стоматология 2014.

<http://www.stom24.ru>